



БҰЙРЫҚ

29.12.2011 № 539

Астана қаласы

ПРИКАЗ

город Астана

**Сумен жабдықтау және су бұру
саласындағы нормативтік-техникалық
құжаттарды бекіту туралы**

Қазақстан Республикасының Су кодексінің 37-1-бабының 2) және 3) тармақтарына және Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі Ғылыми-техникалық кеңесінің 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 12-6 қаулысына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Ауыз суды және тазартылған сарқынды суларды зарарсыздандыру бойынша нұсқаулық» (алғаш рет) деген нормативтік-техникалық құжат бекітілсін және 2012 жылғы 1 ақпаннан бастап қолданысқа енгізілсін.

2. Мынадай нормативтік-техникалық құжаттар бекітілсін және 2012 жылғы 1 мамырдан бастап қолданысқа енгізілсін:

1) «Су бұру. Сыртқы желілер мен құрылыстар» ҚР ҚН 4.01-03-2011 (ҚР ҚНЖЕ 2.04.03-85 орнына);

2) Елді мекендердің суды тұтыну және су бұруды пайдалану нормаларын анықтау әдістемесі (алғаш рет);

3) Сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін пайдаланған кезде өндірістік шығыстарды және нормативтік техникалық ысыраптарды есептеу әдістемесі (алғаш рет);

4) Сарқынды суларды тазарту жөніндегі құрылыстардың жұмысына технологиялық бақылау жүргізу әдістемесі (алғаш рет);

5) Инженерлік коммуникацияларды траншеясыз төсеу және санациялау жөніндегі әдістеме (алғаш рет);

6) Сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін пайдаланған кезде еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі қағидалары (алғаш рет).

3. Ғылыми-техникалық саясат және нормалау департаменті бекітілген тәртіппен осы бұйрықтың салалық бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Төраға

С. Нокин

0004438

